## АШЫҚ САБАҚТАР

Оқу жылының басында ашық сабақтар кестесінің бекітілуі - бұл мектептердегі жоспарлау процессінің маңызды бөлігі. Ашық сабақтар - бұл мұғалімдердің өздерінің оқыту әдістерін көрсете алатын, сондай-ақ оқушылардың білімі мен дағдыларын ата-аналар мен басқа да мүдделі тараптарға көрсете алатын мүмкіндік. Ашық сабақтарға сын тұрғысынан ойлау технологиясы, миға шабуыл, буклет, спикердегі диалог, ассоциация, пікірталас сияқты интерактивті педагогикалық әдістер мен онлайн платформалар қолданылды. Оқушылардың есте сақтау, зейіндік, тапқырлық, ізденімпаздық қабілеттерін дамытуға, белгілі бір ой қорытындылар жасауға бағытталған ашық сабақтарға белсене қатысты. Сабақтар жоғары әдістемелік деңгейде өтуде.

### 2022-2023 оқу жылы бойынша:
### «БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ. «МЕНІҢ АТЫМ-ҚОЖА» ПОВЕСІ»АТТЫ АШЫҚ САБАҒЫ

«ТІЛ МЕН ТАРИХ – МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ МҰРАСЫ» атты гуманитарлық-қоғамдық бағытындағы пәндер онкүндігі бағдарламасына сәйкес 7 қазан күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Утепова Сая Арысжанқызының 5 «А» сыныбына «Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым-Қожа»шығармасы» атты ашық сабақ өткізілді. Сабақ оқу мақсатына сай құрылды.Сабақ «Керемет күн» әдісі арқылы психологиялық ахуал орнатылып,сабақ басы пазл құрастырумен басталды. Сабақ барысында «Айналмалы бекет»,«MacBook» әдісі арқылы оқушылар топтық, жұптық, жеке жұмыс жасау барысында түрлі әдістермен жұмыс жасап, сабақ мақсатына жете алды.

Оқушыларға ынтымақтастық атмосферасы қалыптастырып, «Антижалқаулық» әдісі бойынша бір-бір витаминнен алып,өзіне сабақ барысына күш-қуат,табандылық қасиеттерін жинап,сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділіктері артады.Одан кейін оқушыларды **топқа біріктіріп,шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ суреттері арқылы топқа біріктірді.** Сабақта қолданылған суреттер арқылы тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау.Ақыл-ой спортына қандай ойын түрлері жатады?Оның пайдасы қандай? Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады.Бір-біріне сұрақтар қойып,пікірін толықтырады.Өз ойымен бөліседі.

Сабақ ортасында «Шахмат туралы аңыз» мәтінін тыңдатып, түсіндіреді.
«Құпия тақта» әдісі арқылы оқушыларға топтасып орындауға тапсырмалар беріледі. Топтар алдарындағы шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ тақтасын ашып, ондағы жасырылған сұрақтарға топтасып жауап береді. Қалыптастырушы бағалауда «Медаль» арқылы бағаланды және жеке оқушыларды «Алтын», «Күміс», «Қола» медальдармен бағаланып отырды.**Жұптық жұмыста** грамматикалық тақырып бойынша етіс және оның түрлері , өздік етіс туралы түсінік берілді.**Жеке жұмыста** А. Абайдың қара сөзінен етістікті табады.В. Абайдың қара сөзінен өздік етісті тауып жазады.С. Абайдың қара сөзінен өздік етісті тауып, түбірі мен қосымшасын ажыратады.

Сабақ соңында **«Антижалқаулық» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.

Сабақ аяқталғаннан кейін зерттеу сабағын талдауға зерттеу тобы мен пән мұғалімдері қатысты. Отырыста келесі сабақты жоспарлауға ұсыныс, пікірлер айтылды.

**9 ақпан күні** жоспарға сәйкес қазақ тілі пәнінен 6«Б»сыныбына «Ақыл-ой спорты.Өздік,өзгелік етіс» тақырыбы бойынша **екінші зерттеу** сабағы өткізілді. Сабаққа пән мұғалімдері, зерттеу тобы, мектеп психологы, 6б сыныбының сынып жетекшісі және осы сыныптың ата-аналары қатысты.

Жалпы сабақтың оқу мақсаты:
6.2.7.1 энциклопедия,сөздік,балаларға арналған газет-журналдардың қажетті ақпараттарды алу,авторына сілтеме жасау;
6.4.4.2 етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану;

**Ұйымдастыру кезеңі бойынша** ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырып,«Керемет күн» әдісі бойынша оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділіктері артады.

Оқушыларды қызыл,сары,жасыл суреттері арқылы топқа біріктіреді және артына жасырылған сөздермен тақырып ашылады. Сабақта қоланылған түстерді құрастыру арқылы тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау.

Етіс дегеніміз не?Етістің түрлерін атаймыз?Өздік етіс дегеніміз?Өзгелік етіс дегеніміз не?
Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады. **Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Баскетбол!» және мадақтау сөзмен ынталандырды.

Сабақың ортасында топтық жұмыс жасалды.Оқулықтағы 7-тапсырма «Тоғызқұмалақ» мәтінін оқиды, түсіндіреді.«Таңғажайып тоғызқұмалақ» әдісі арқылы оқушыларға топтасып орындауға тапсырмалар беріледі. Топтар алдарына мәтін беріледі сұрақтарға топтасып жауап береді.

Жұптық жұмыста грамматикалық тақырып бойынша өздік етіс туралы мұғалім түсінік береді. Оқушылар жұп болып тапсырма орындайды. Берілген сурет бойынша жұп болып, тақтада көрсетілген жұрнақтары бойынша өздік, өзгелік етістерін жазып шығады.

Жеке жұмыста «Тап,жалға,құра» әдісі бойынша

**А.тапсырмасы** Ақыл,сурт,кітапхана,сәнде,ки,сары

Берілген сөздердің ішінен етістікті табады.**В.тапсырмасы** Қыр,терезе,біл,гүл,ора,спортшы

Берілген сөздердің ішінен етістіктерге өздік,өзгелік етіс жұрнақтарын жалғайды

**С.тапсырмасы**Қыр,терезе,біл,гүл,ора,спортшы.Әрқайсысына сөйлем құрап жазады.

Сабақ соңында **«Білім шыңы» әдісі** арқылы мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.

Сабақ аяқталғаннан кейін зерттеу сабағын талдауға зерттеу тобы мен пән мұғалімдері қатысты. Отырыста келесі сабақты жоспарлауға ұсыныс, пікірлер айтылды.

**10 ақпан күні** жоспарға сәйкес қазақ тілі пәнінен 6б сыныбына «**Ақыл-ой спорты.Өздік етіс, өзгелік етіс**» тақырыбы бойынша **үшінші зерттеу сабағы** өткізілді. Сабаққа пән мұғалімдері, зерттеу тобы, мектеп психологы, 6бсыныбының сынып жетекшісі және осы сыныптың ата-аналары қатысты.

Жалпы сабақтың оқу мақсаты: 6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып,графиктік мәтін (диаграмма,кесте,сызба) түрінде құрастыру;

6.4.4.2 етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану.

Сабақты ұйымдастыру кезеңінде оқушылар «Алып қадамдар» әдісі бойынша оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділіктері артады.**Оқушылар стикерлер арқылы топқа біріктіреді және артына жасырылған сөздермен тақырып ашылады**

Өткенді қайталауда «Learningapps» бағдарламасы бойынша етістерді сәйкестендіруге берілген тапсырмаларды тақтада орындады.Екінші тапсырмада Wordwall бағдарламасымен «Ақиқат және жалған» тапсырмасы берілді. Сабақта топқа бірігеді және сол арқылы тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау.

Топтық жұмыста «Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы оқушыларға топтасып орындауға тапсырмалар беріледі. Топтар алдарына сурет беріліп, мәтін құрайды, мәтінде өздік және өзгелік етісті қолданады, топтасып жауап береді.

**Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Кубок!» және мадақтау сөзімен ынталандырды.**Жұптық жұмыста** «Ракетка торы» әдісі арқылы оқушылар жұп болып тапсырма орындайды. Берілген етістіктерді өздік, өзгелік етіске айналдырып жазады. **Жеке жұмыста** «Ақиқат;жалған » әдісі арқылы оқушыларға тақырып бойынша сұрақтар беріледі. **Сабақтың соңында «Кубок» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Сабақ аяқталғаннан кейін зерттеу сабағын талдауға зерттеу тобы мен пән мұғалімдері қатысты. Отырыста келесі сабақты жоспарлауға ұсыныс, пікірлер айтылды.

https://www.facebook.com/share/v/1ZhWJRRNEb/









№276 орта мектепте «ТІЛ МЕН ТАРИХ – МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ МҰРАСЫ» атты гуманитарлық-қоғамдық бағытындағы пәндер онкүндігібағдарламасына сәйкес 2023 жылдың 13-15 ақпан күндерінде Lesson Study зерттеудің алғашқы сабағы орыс тілі пәнінің мұғалімі Аскарова Алиманың жетекшілігімен 6 «А» сыныбына өтілді. Оқушылар сабақ барысында топтық, жұптық, жеке жұмыстарда, түбір мен қосымшаның, жұрнақ пен жалғаудың айырмашылығын түсінуге тапсырмалар орындады.



https://www.facebook.com/share/p/1WZohfxbGp/

**2023-2024 оқу жылы бойынша:**

**«ҚАЗАҚТАРДЫҢ РУ-ТАЙПАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ» ашық сабағы**

- Тарих пәнінің мұғалімі Раушан Жумабековна Казбаева 10 «А» сыныбына «Қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктері» тақырыбында ашық сабақ өткізді.
- Ашық сабақ барысында оқушылар отансүйгіштікке, мәрттікке, кеңпейілділікке, мейірімділікке тәрбиеленді. Сабақ барысында «Worldwall», «Сәйкестендір», «Семантикалық карта», т.б. жаңашыл әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білді.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid09wWPePF3amrtzQhkXs5urYcosJZEf17XyDwvoECf2mRspDBYfks9rr4eFbkbgnaVl&id=100028445863130&rdid=onP8D87Xsne6677x#







- **«НЕЛІКТЕН КЕМАЛДІ «АТАТҮРІК» ДЕП АТАДЫ?» АТТЫ ТАҚЫРЫПТА АШЫҚ САБАҚ**

✓ Тарих пәнінің мұғалімі Жамет Алдияр Жаметұлының 8 «Б» сыныбына дүниежүзі пәні бойынша «Неліктен Мұстафа Кемалді «Ататүрік» деп атады?» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

✓ Ашық сабақ барысында оқушылар отансүйгіштікке, мәрттікке, кеңпейілділікке, мейірімділікке тәрбиеленді. Сабақ барысында «Learningapps», «Сәйкесін тап», «Семантикалық карта», т.б. жаңашыл әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білді.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid09wWPePF3amrtzQhkXs5urYcosJZEf17XyDwvoECf2mRspDBYfks9tr4eFbkbgnaVl&id=100028445863130&rdid=onP8D87Xsne6677x#




**«Ш.ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ. «ЕҢЛІК-КЕБЕК» ПОЭМАСЫ» тақырыбындағы ашық сабағы**

✓ Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Есіркепова Бақыткүл 8«А» сыныбына қазақ тілі пәнінен Шәкәрім Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» поэмасы» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

- Ашық сабақта поэма желісі бойынша оқушылар үш топқа топтасып, Еңліктің, Кебектің, автордың бейнесін терең ашты. Топтық, жұптық жұмыстар негізінде тапсырмалар орындап, кейіпкер бейнесін жан-жақты талдады.







- **«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ «АТЫМТАЙ ЖОМАРТ» ӘҢГІМЕСІ. ЖОМАРТТЫҚ-ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ТАМШЫСЫ» АТТЫ АШЫҚ САБАҒЫ**

- Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Утепова Саяның 5«А» сыныбына қазақ әдебиеті пәнінен «Ы.Алтынсариннің «Атымтай жомарт» әңгімесі. Жомарттық – қайырымдылық тамшысы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Ашық сабақ барысында оқушылар еңбекқорлыққа,рахымшылдыққа,кеңпейілділікке, мейірімділікке тәрбиеленді. Сабақ барысында «Сұрақ ілмегі», «Шырақ», «Инағаш» графикалық органайзер, «Әдеби кейіпкер куәлігі» атты әдіс-тәсілдер қолданып, сабақ мақсатына жете алды. Сабақ соңында рефлексия жасалып, сабақта жақсы ахуал орнады.





- **«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТІҢ БІРІНШІ ҚАРА СӨЗІ» ТАҚЫРЫБЫНДА АШЫҚ САБАҚ**

"АЛДЫМДА АҚЫН АБАЙ- Темірқазық!" атты "Өркениет" қоғамдық-гуманитарлық бірлестігінің айлық жоспарына сәйкес қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Тілегенова Аңсағанның 2023 жылғы 7 желтоқсанда 6 "Б" сыныбына қазақ әдебиеті пәнінен "Бірінші қара сөз" тақырыбында ашық сабағы болып өтті. Сабақ барысында оқушылар 3 топқа бірігіп,жұмыс жасады.Балалар берілген тапсырмаларға белсене араласты.Ашық сабаққа қатысқан мұғалімдермен өзара талқыланып, ұсыныс-пікірлер айтылды.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0yE6rtTBTQaaAUCV1tFBs5YRd11wSc8GkKSz1LRmfQ9Riwxr23B1BeUtTUEz7yjk9l&id=100028445863130&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V

**"УАҚЫТ АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ"АШЫҚ САБАҒЫ**

- Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Өмірзақ Эльвира Талғатқызы 5 "Б" сыныбына қазақ тілінен "Уақыт алға жетелейді"тақырыбында ашық сабақ өткізді.
- «SWOT талдау» әдісі арқылы «Адам болам десең, уақытыңды босқа өткізбе» деген идеяны ақын қандай сөздермен жеткізді. «Т» әдісі арқылы Өлеңдегі синонимдер мен антонимдерді теріп жазады. «Графикалық органайзер» әдісі арқылы берілген тірек сөздердің мағынасына сай келетін синонимдерін анықтау; Уақытпен санас» әдісі арқылы «Өлең үзіндісін пайдаланып, өзің болашақта не істейсің, арманың, мақсатың не?-деген сұрақтарға сағат тіліне жауап жазу арқылы жұмыстарын жасады.



- https://www.facebook.com/share/v/1D8utZ5s4F/



- **«MY FUN JOB» «МЕНІҢ ҚЫЗЫҚТЫ ЖҰМЫСЫМ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АШЫҚ САБАҒЫ**

- Ағылшын тілі пәні мұғалімі Бақытжанова Гүлзат 6 «Б» сыныбына «My Fun Job» «Менің қызықты жұмысым» тақырыбында ашық сабағын өткізді.Ашық сабақ Абай атамыздың «бес асыл іс» қағидасын негізге ала отырып,сабақ кезеңдерінде топтық тәртіп пен білімге талпынуға ықпал етті. Сабақ барысында Polleverywhere,Zipgrade,Plickers бағдарламалары және мозайка әдісі қолданылды.








- **«THE FAMILY»«ОТБАСЫ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АШЫҚ САБАҚ**

- Ағылшын тілі пәні мұғалімі Ібайдулла Гулжанат 5 «Б» сыныбына «The family» «Отбасы» тақырыбында Lesson study сабағын өткізді.Ашық сабақ барысында оқушылар топтық, жұптық және өзіндік жұмыстар орындады. Сабақтың алғашқы минуттарында сергіту сәті өткізіліп, үй тапсырмасы сұралды. Ашық сабақтың жаңа сөздері қайталама әдісі арқылы өткізіліп, мұғалім А Б С деңгейіндегі оқушыларымен жұмыс жасап, бақылауға алды.





**«MY FUN JOB» «МЕНІҢ ҚЫЗЫҚТЫ ЖҰМЫСЫМ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АШЫҚ САБАҒЫ**

Ағылшын тілі пәні мұғалімі Әбдіраш Анэльдің 5 «А» сыныбында «My fun job» тақырыбында ашық сабағы өткізілді. Сабақ барысындағы оқу мақсаттары төмендегідей:

5.2.1.1 understand a sequence of supported classroom instructions;
5.3.7.1 use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a limited range of general topics
5.4.5.1 deduce meaning from context in short texts on a limited range of familiar general and curricular topics

Сабақтың бірінші бөлімінде сергіту сәті ретінде оқушылар өз сыныптастарының сөздерін Chatter Pix бағдарламасын пайдалана отырып тыңдады және бір-бірімен жұптасу үшін әр түрлі

мамандықтарға байланысты карталарды таңдап алды. Содан соң оқушылар жаңа тақырыппен және жаңа сөздермен танысып, өз білімдерін толықтырды. Ары қарай мұғалім грамматикалық тақырып «Wh-questions» яғни, арнайы сұрақтарды қою жолдарымен танысып, бірнеше жаттығуларды орындады. Сабақтың соңғы бөлімінде балалар Joyteka бағдарламасымен ойын ойнап, тапсырма орындап, білімдерін шыңдады. Сабақ соңында Абай Құнанбаевтың «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» терминдері арқылы сабақта не үйренгендері, қай тұсы қиындық тудырғаны және ең ұнамды тұсы жөнінде пікір бөлісіп, кері байланыс берді. Сабаққа қатысқан ұстаздардан QR коды арқылы сабақ туралы кері байланыс алынды.

https://www.facebook.com/share/p/18rxg1ELTR/





- **« MYTHICAL CREATURES» «МИФТІК ЖАРАТЫЛЫСТАР»ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АШЫҚ САБАҚ**
- Ағылшын тілі пәні мұғалімі Ібайдулла Гулжанат 5 «А» сыныбына «Mythical creatures» «Мифтік жаратылыстар» тақырыбында ашық сабағын өткізді.Ашық сабақ барысында оқушылар топтық, жұптық және өзіндік жұмыстар орындады. Сабақтың алғашқы минуттарында сергіту сәті өткізіліп, үй тапсырмасы сұралды. Ашық сабақ барысында оқушылар мифтік жаратылыстармен және олардың өзіндік ерекшеліктерімен таныстц. Оқушылар 3 топқа бөлініп, әр топ ашық сабақ мәтінінен берілген бөлігін өз беттерінше жаңа сөздер арқылы аударды. Ашық сабақ соңында сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды бағалады.



**«О.О.СУЛЕЙМЕНОВ.ПОЭМА «ЗЕМЛЯ,ПОКЛОНИСЬ ЧЕЛОВЕКУ!» АТТЫ АШЫҚ САБАҒЫ**

"Өркениет" қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің айлық жоспарына сәйкес 2023 жылдың 7 желтоқсанында 8 "Б" сыныбына орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Сагидуллаев Габиттың «О. О. Сулейменов. Поэма «Земля, поклонись человеку!» тақырыбында ашық сабағы өткізілді. Сабақ барысында оқушылар О. Сүлейменовтың шығармаларымен және де поэмасымен танысып, түрлі тапсырмалар орындады. Ашық сабақ уақытында оқушылар өте жақсы белсенділік танытты.





**ОТКРЫТЫЙ УРОК НА ТЕМУ: «ЧЕМ ПАХНУТ РЕМЕСЛА»**

В 5 Б классе я провела открытый урок по разделу «Кем я хочу стать, когда вырасту» на тему урока «Чем пахнут ремёсла». Цели обучения определять основную мысль текста на основе вопросов; понимать содержание стихотворения; правильно употреблять существительные с прилагательными,передавать события, соблюдая последовательность;использовать существительные, правильно согласовывая их по роду, числу и падежу.





**2024-2025 оқу жылы бойынша:**

- **«ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ РӨЛІ» АШЫҚ САБАҒЫ**

✓ Тарих пәнінің мұғалімі Раушан Жумабековна Казбаева 11 «А» сыныбында «Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясы рөлі» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

✓ Мұғаліммақсатқажетужолында «Ой шақыру» стратегиясы, «ПТМС» формуласы «Деректермен жұмыс» әдісі, «RAFT», «Үлкен шеңбер» әдісі, «Шағын эссе», «Зерттеу», «Галереяғасаяхат» әдістерінсәттіқолданды. Сабақбарысында «Моноэтникалық қоғам», «Полиэтникалық қоғам» тобынабөлінгеноқушылартүрліпығармашылықтапсырмалардыжоғарыдеңгейдеорындап, білімдеңгейлерініңтереңдігінкөрсетеалды.

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1427102288247953&id=100028445863130&mibextid=wwXIfr&rdid=SHFckRKaOZEqHkAP#







- **«КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС»АТТЫ ТАҚЫРЫПТА АШЫҚ САБАҚ**

Тарих пәнінің мұғалімі Жамет Алдияр Жаметұлының 17.12.2024 жылы 7 «Б» сыныбында «**Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс**» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Тарихи тұлға ретінде Кенесары ханның рөлін саралай отырып, оқушылар көшбасшылық, қоғам алдындағы жауапкершілік, отансүйгіштік қасиеттерді бойына сіңіреді.

Мұғалім мақсатқа жетужолында «Ой шақыру» стратегиясы, «ПТМС» формуласы «Деректермен жұмыс» әдісі, «RAFT», «Үлкен шеңбер» әдісі, «Зерттеу», «Галереяға саяхат»

әдістерін сәтті қолданды. Оқушылар сабақ барысында топтық, жұптық, жеке жұмыстарға байланысты тапсырмалар орындады.






https://www.facebook.com/share/p/19xbCfVJwt/

- **"«БАЛА МЕН ЖАСТАР ҚҰҚЫҒЫ» ашық сабағы**

  Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Есіркепова Бақыткүл 9«А» сыныбына қазақ тілі пәнінен «Бала мен жастар құқығы» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

- ✓ Ашық сабақта PISA тапсырмалары негізінде, жасанды интеллект тәсілдерін пайдаланып, оқушыларға шынайы өмірмен, математикамен байланыстыра отырып, жаңашыл әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білді.

https://www.facebook.com/share/p/1GWjf99X1e/





- **"«ӨНЕР ӘЛЕМІНІҢ САЙЫПҚЫРАНЫ.ТАБУ СӨЗДЕР» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АШЫҚ САБАҒЫ**

"Жазу мен өркениет:мәдениет дамуының айнасы"атты "Өркениет"пән бірлестігінің айлық жоспарына сәйкес 2 желтоқсан күні 6"А"сыныбына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Утепова Сая Арысжанқызының "Өнер әлемінің сайыпқыраны.Табу сөздер"тақырыбында ашық сабағы өткізілді.Сабақ барысында оқушыларды тақырыпқа сәйкес топтастыру,психологиялық ахуал орнату,мұғалімнің түсіндірмесі,тақырып бойынша топтық,жұптық,жеке жұмыстар орындалып,оқушылар сабаққа белсене қатысты.Сабақ мақсатына жете алды.









**«АБАЙДЫҢ БІРІНШІ ҚАРА СӨЗІ» АТТЫ ТАҚЫРЫБЫНДА АШЫҚ САБАҒЫ**

№ 276 орта мектепте "Жазу мен өркениет: мәдениет дамуының айнасы"атты "Өркениет" қоғамдық-гуманитарлық бірлестігінің айлық жоспарына сәйкес қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Тілегенова Айсағанның ұйымдастыруымен "Абайдың бірінші қара сөзі" тақырыбында ашық сабақ болып өтті.

Сабақ барысында оқушылар 3 топқа бірігіп,жұмыс жасады.Балалар берілген тапсырмаларға белсене араласты.Ашық сабаққа қатысқан мұғалімдермен өзара талқыланып, ұсыныс-пікірлер айтылды.





https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02pwuPE6iFw6V4CTNCJjKXA2UE6iTFFT7tk1HsWqwxuFicUdideYs6Nxpv7WZLthSol&id=100028445863130&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V

- **«PAST SIMPLE» «ӨТКЕН ШАҚ»ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ
  АШЫҚ САБАҒЫ**
- Ағылшын тілі пәні мұғалімі Ібайдулла Гулжанат 5 «Б» сыныбына «Past Simple» «Өткен шақ» тақырыбында ашық сабағын өткізді.Ашық сабақ барысында оқушылар топтық, жұптық және өзіндік жұмыстар орындады. Сабақтың алғашқы минуттарында сергіту сәті өткізіліп, үй тапсырмасы сұралды. Ашық сабақ барысында оқушылар А Б С деңгейіндегі тапсырмаларды орындады. Ашық сабақ соңында сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды бағалады.





- **«CALLING EMERGENCY SERVICES» «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР НӨМІРІНЕ ҚОҢЫРАУ ШАЛУ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ
  АШЫҚ САБАҒЫ**

- Ағылшын тілі пәні мұғалімі Бақытжанова Гүлзат 9 «Б» сыныбына» тақырыбында«Calling Emergency services» «Төтенше жағдайлар нөміріне қоңырау шалу» ашық сабағын өткізді . Ашық сабақ барысында «сәттілік дөңгелегі» арқылы үй тапсырмасы сұралып, «Құпия белгі» әдісі арқылы суреттер беріліп,оқушылар сөйлемдер құрады,диалогтарды рөлдерге бөліп оқыды.
- https://www.facebook.com/share/p/19cEvyUjq2/







**«TYPES OF FILMS» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АШЫҚ САБАҒЫ**

Ағылшын тілі пәні мұғалімі Әбдіраш Анэльдің 6 «А» сыныбында «Types of films» тақырыбында ашық сабағы өткізілді.Сабақтың мазмұнын қызықты ету үшін Гарри Поттер фильмінің желісі алынды. Сабақтың басында оқушыларды топқа бөлу үшін 'Sorting hat' әдісі пайдаланылды. Одан соң оқушыларға түрлі таратпа қағаздары таратылып, фильмдердің атауларын тапты. Сабақтың негізгі бөлімінде Өткен шақтың грамматикасы түсіндіріліп, түрлі ойындармен оқушылардың қызығушылығы артты. Тақырыпты бекіту үшін Тарсия әдісі пайдаланылды. Сабақтың соңғы бөлімінде оқушыларға жасанды интеллектті пайдалана отырып, жағдаятты анықтау тапсырмасы берілді. Кері байланыс үшін арнайы парақшаларға өз пікірлерін білдіріп, ой бөлісті.

https://www.facebook.com/share/p/19xbCfVJwt/

  

 

## АШЫҚ САБАҚТАР

**2022-2023 оқу жылы**

23 қаңтар күні  Lesson study зерттеу жұмысын жүргізу үшін бірінші отырыс болып өтті. Отырыста Lesson study жоспары құрылып зерттеу сабағы математика пәнінен жүргізілетін болды. Зерттеуге 7 а сыныбы алынды. Алдағы 8,9 сыныптарда оқушылар PIZA халықаралық зерттеуге қатысуы мүмкін болғандықтан зерттеу сұрағын «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалай дамытуға болады?»-деп алынды. Бірінші отырыста зерттеушілер топ құрып, зерттеу сұрағы бойынша А,Б,С деңгейлі оқушыны анықтап алды. 7а сыныбының сынып жетекшісінен осы оқушылар туралы мәлімет алынды. Зерттеу тобына зерттеушілермен бірге мектеп психологы мен сынып жетекшісі етене жұмыс жасауы керек деп айтылып өтті.

 





**«Екі өрнектің кубтарының қосындысы және кубтарының айырмасы» тақырыбы бойынша бірінші зерттеу сабағы өткізілді**

Алгебра пәнінен  7а сыныбына «Қысқаша көбейту формулалары» бөлімі, «Екі өрнектің кубтарының қосындысы және кубтарының айырмасы» тақырыбы бойынша бірінші зерттеу сабағы өткізілді. Сабаққа пән мұғалімдері, зерттеу тобы, мектеп психологы, 7а сыныбының сынып жетекшісі және осы сыныптың ата-аналары қатысты. Жалпы сабақтың мақсаты 7.2.1.11 $a^3 \pm b^3 = (a \pm b)(a^2 \mp ab + b^2)$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану. Сабақты ұйымдастыру кезеңінде оқушылар мозайка құрастыру арқылы топқа бөлінді. Мозайканың екінші бетінде Абай Құнанбаевтың 31-қара сөзін оқыды. Өткенді қайталауда «Түйінделген жіп» әдісі арқылы сұрақтарға жауап берді. Топтық  жұмыста оқушылар тақырып бойынша есептер шығарды. Сонан соң жұптық жұмыста «Формуланы жалғастыр...» тапсырмасы бойынша формулалар жазды. Оқушының білім деңгейін анықтау мақсатында деңгейлік тапсырмалар беріліп, ол 10 балдық шкала бойынша бағаланды.  Зерттеу сұрағы «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға» байланысты деңгейлік тапсырмалар оқушының бой әлшемі  мен салмағына, сыныбы мен оқушы жасына байланысты берілді.Сабақ соңында БББ кестесі бойынша кері байланыс алынды. Сабақ аяқталғаннан кейін зерттеу сабағын талдауға зерттеу тобы мен пән мұғалімдері қатысты. Отырыста келесі сабақты жоспарлауға ұсыныс, пікірлер айтылды.









https://www.facebook.com/share/v/17VhPRJGrS/

**«Екі өрнектің қосындысының кубы және айырмасының кубы» тақырыбы бойынша екінші зерттеу сабағы өткізілді**

Алгебра пәнінен 7а сыныбына «Қысқаша көбейту формулалары» бөлімі, «Екі өрнектің қосындысының кубы және айырмасының кубы» тақырыбы бойынша екінші зерттеу сабағы өткізілді. Сабаққа пән мұғалімдері, зерттеу тобы, мектеп психологы, 7а сыныбының сынып жетекшісі және осы сыныптың ата-аналары қатысты. Жалпы сабақтың мақсаты 7.2.1.11 $(a \pm b)^3 = a^3 \pm 3a^2b + 3ab^2 \pm b^3$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану. Сабақты ұйымдастыру кезеңінде оқушылар flippity.net платформасы арқылы топқа бөлінді. Өткенді қайталауда Learningapps бағдарламасы бойынша берілген тапсырмаларды тақтада орындады.Жаңа тақырыпты түсіндіру барысында құрастырылған мысалдар көрсетілді. Өрнектің мәнін табуды шешкеннен кейін есептің жауабы Абай Құнанбаевтың өмір сүрген жылдары шықты. «Ғылымға көңіл бөлсеңіз...» атты топтық жұмыста оқушылар Learningapps бағдарламасы бойынша ноутбукпен топтарында тапсырмалар орындады. Сонан соң «Ғылым таппай мақтанба...» атты жұптық жұмыста Абай Құнанбаевтың өлеңдерінен үзінді берілді. Тапсырмада әр қатар саны мен сөздер бойынша өрнек құрастырып, формуламен жазды. «Ақылменен жеңсеңіз...» атты жеке жұмыста оқушының білім деңгейін анықтау мақсатында деңгейлік тапсырмалар беріліп, ол 10 балдық шкала бойынша бағаланды. Сабақ соңында classroomscreen бағдарламасы арқылы кері байланыс алынды. Сабақ аяқталғаннан кейін зерттеу сабағын талдауға зерттеу тобы мен пән мұғалімдері қатысты. Отырыста келесі сабақты жоспарлауға ұсыныс, пікірлер айтылды.







https://www.facebook.com/share/v/17VhPRJGrS/

**«Екі өрнектің қосындысының кубы және айырмасының кубы» тақырыбы бойынша үшінші зерттеу сабағы өткізілді.**

Жоспарға сәйкес алгебра пәнінен 7а сыныбына «Қысқаша көбейту формулалары» бөлімі, «Екі өрнектің қосындысының кубы және айырмасының кубы» тақырыбы бойынша үшінші зерттеу сабағы өткізілді. Сабаққа пән мұғалімдері, зерттеу тобы, мектеп психологы, 7а сыныбының сынып жетекшісі және осы сыныптың ата-аналары қатысты. Жалпы сабақтың мақсаты 7.2.1.11

$(a \pm b)^3 = a^3 \pm 3a^2b + 3ab^2 \pm b^3$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану. Сабақты ұйымдастыру кезеңінде оқушылар мозайка құрастыру арқылы топқа бөлінді. Мозайка құрастырғаннан кейін жасырылып тұрған Абайдың 7-ші қара сөзін оқыды. Өткенді қайталауда Learningapps бағларламасы бойынша өрнектерді сәйкестендіруге берілген тапсырмаларды тақтада орындады.Екінші тапсырмада Wordwall бағдарламасымен «Ақиқат және жалған» тапсырмасы берілді. Оқушылар 7 санының мағынасын пәнмен байланыстырып тарау бойынша жеті формула өткендерін тапты. «Жеті қарақшыны таныған, жеті күнде адаспас» атты топтық жұмыста оқушылар өтілген жеті формуланың қосындысын және айырмасын жазып шықты. Сонан соң «Жақсыны жеті жыл жетелесең, адам болады,Жаманды жеті жыл жетелесең, надан болады » атты жұптық жұмыста өрнектердің жауабын тапты. «Айла алтау, Ақыл жетеу» атты жеке жұмыста оқушының білім деңгейін анықтау мақсатында тест тапсырмалары беріліп, ол 10 баллдық шкала бойынша бағаланды. Сабақ соңында classroomscreen бағдарламасы арқылы кері байланыс алынды. Сабақ аяқталғаннан кейін зерттеу сабағын талдауға зерттеу тобы мен пән мұғалімдері қатысты. Отырыста келесі сабақты жоспарлауға ұсыныс, пікірлер айтылды.





https://www.facebook.com/share/v/15vvGwjWPV/

**«Металдар мен бейметалдар»**

№276 орта мектептегі жаратылыстану математика пәндер бірлестігінің он күндігі аясында 8 «А» сыныбына химия пәнінен Lesson study (сабақты зерттеу) «Металдар мен бейметалдар» тақырыбында болып өтті. Сабақ барысында сынып төрт топқа топтастырылып, оқушылармен топтық, жұптық, жеке және тәжірибелік жұмыстар жүргізілді.Сонымен қатар берілген тапсырмаларға байланысты қалыптастырушы бағалау да жүргізіліп отырды.Оқушылар сабаққа белсенді түрде ат салысты және де сабақ соңында оқушылар сабаққа кері байланыс жасап, өз ойларын ортаға салды. Сабаққа оқу ісінің меңгерушісі, пән мұғалімдерінің басым көпшілігі және ата-аналар қатысты.

https://www.facebook.com/share/p/16M8VeQCjm/




" Ғылымға көңіл бөлсеңіз..." атты жаратылыстану-математика бірлестігі онкүндігі жалғасын тапты. Бағдарлама барысында жоспарланған жоспар бойынша химия пәні бойынша " Lesson study" сабақты зерттеу жобасының екінші сабағы 8а сыныбына өтіліп, зерттеуге бағытталған сұрақтарға жауап іздейтін зерттеу тобы мен ата-аналар сабаққа қатынасты.Сабақта барысында оқушылар топтық, жұптық жұмыс жасап, сабаққа белсенділік таныта отырып, берілген

тапсырмаларды орындап бағаланды. Сабақты талдауда зерттеуші және қатысушы мұғалімдер сабақты өтуші Тағыбергенқызы Эльмираға ұсыныс пікірлерін айтып,сабаққа қатысқан ата-аналардың пікірі оқылды.Талдау соңында келесі күнге жоспар құрылып, нақтыланды.
https://www.facebook.com/share/p/1CkLbCK8d2/




**2023-2024 оқу жылы**

**"ГИПЕРСІЛТЕМЕЛЕР ҚОЮ ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫС" ТАҚЫРЫБЫНДА АШЫҚ САБАҚ**

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті №276 орта мектептің информатика пәнінің мұғалімі Құрбанова Жансая Арапшақызы 6 "б" сынып оқушыларымен, 13 - 24 мамыр аралығындағы сандық білім беру ресурсының онкүндігі аясында 23.05.2024ж."Гиперсілтемелер қою жобалық жұмыс" тақырыбында сабақ өткізді. Сабақ барысында анимациялық презентациямен сандықшаларды ашу арқылы мәтіндік редакторда гиперсілтемелерді қолдану жолдарына арналған сұрақтарға жауап беру, Learning apps платформасы арқылы жаңа тақырып тапсырмалары орындалды. Сабақты бекіту үшін Quizizz платформасы пайдаланылды.

Сандық білім беру ресурстарын қолдану сабақты түрлендіруге, оны мазмұны жағынан қанықтыра түсуге, оқытудың көрнекілігін қамтамасыз етуге, сабақтың қарқынын арттыруға, оқуға деген уәждемені туындатуға, оқушылардың дербес жұмыстарын жаңа ұйымдастырушылық деңгейде басқаруға, оқытудың дараландырылуын арттыруға; оқушылардың жұмыс нәтижелерін компьютерлік тестілеудің көмегімен бағалауға, жауаптарды тексеру үдерісін автоматтандыруға, мұғалімнің субъективті пікірін барынша азайтуға мүмкіндік береді.



Фейсбук парақшадағы сілтеме:
https://www.facebook.com/share/p/1DCHMmhiG3/?mibextid=wwXIfr

**«БҰРЫШТЫҢ ТҮРЛЕРІ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША АШЫҚ САБАҚ ӨТКІЗІЛДІ.**

Математика пәнінен 5а сыныбына «Бұрыш» бөлімі, «Бұрыштың түрлері» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізілді. Сабаққа пән мұғалімдері, мектеп психологы, 5а сыныбының сынып жетекшісі қатысты. Жалпы сабақтың мақсаты 5.3.1.4 Бұрыш және оның градустық өлшемі ұғымдарын меңгеру, бұрыштарды белгілеу және салыстыру;

5.3.1.5 бұрыштардың түрлерін ажырату, (сүйір, доғал, тік, жазыңқы, толық).

5.3.3.1 бұрышты транспортир көмегімен өлшеу;

Сабақты ұйымдастыру кезеңінде оқушылар қағаз қиындыларының бірінші бетінде әріптерден сөз құрау арқылы топқа бөлінеді.

Екінші бетіндегі сөздерді тауып, Абай атамыздың нақыл сөздерін оқиды.

Өткенді қайталауда «Түйінделген жіп» әдісі арқылы сұрақтарға жауап берді және https://learningapps.org/view22375409 Сілтемесі бойынша кіріп, берілген бұрыштардың түрін анықтауға тапсырмалар орындайды

Топтық жұмыста оқушылар шеңберде Асық ату ойынын ойнайды.

Әр топтан екі ер баладан шығып шеңберден асықты шығарады, шеңбердің центрімен екі асықтың орналасуын түзу сызық арқылы қосады,топтың қалған қатысушылары пайда болған бұрышты анықтап, өлшемін транспортир көмегімен табады.

Сонан соң жұптық жұмыста сағаттың минуттық тілі мен сағаттық тілі қандай бұрыш жасайды: сағат 3-те; 4-те; 12-де ? тапсырмасын орындап, «Көршіңді тексер» әдісі арқылы жұмыстарын тексереді. Оқушының білім деңгейін анықтау мақсатында деңгейлік тапсырмалар беріліп, ол 10 балдық шкала бойынша бағаланды. Сабақ соңында БББ кестесі бойынша кері байланыс алынды.

https://www.facebook.com/share/p/1GTWmta9MR/



 

**"МЕТАЛДАРДЫҢ ВАЛЕНТТІЛІГІ"**

7- сыныпқа химия пәнінен "Валенттілік " тақырыбында ашық сабақ өткізілді.Бұл сабақтың мақсаты пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың көркем әдебиетке құштарлығын арттыру, отансүйгіштікке тәрбиелеу. 7-ші сыныпқа тақырыпты жеңіл түрде түсініп, жаттап алу мақсатында Н.Н. Бекетовтың "Металдардың валенттіліктері" атты өлеңі берілді.Осы өлеңді оқушылар қандай көркем әдебиетпен байланысты екенін анықтап, жеке, жұптық тапсырмалар орындады.Бұл өлең оқушыларға бүгінгі тақырыпты ашуға көп көмегін тигізді.

Мысалы, "Металдардың валенттілігі" өлеңінде әр металдың валенттілігін жеке-жеке жеңіл түрде атап өткен, бұл оқушыларға оңай әрі тез жаттап алуға септігін тигізді.

https://www.facebook.com/share/v/17KsKbDLqj/



**2024-2025 оқу жылы**

"КОСИНУСТАР ТЕОРЕМАСЫ" ТАҚЫРЫБЫНДА АШЫҚ САБАҚ ӨТКІЗІЛДІ

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті N 276 орта мектептің "Эврика" жаратылыстану-математика пәндер бірлестігінің 2025 жылғы 4-28 ақпан аралығында ұйымдастырылған "Цифрлық әлемге кемел біліммен"(Digitalition) атты айлығы аясында математика пәні мұғалімі Айнаш Ерзаттың 9"А" сыныбына "Косинустар теоремасы" тақырыбында ашық сабағы өткізілді.

Сабақ барысында оқушыларды "QAZ math" платформасы арқылы 3 топқа бөліп, ұжымдық, топтық, жеке жұмыстар жасады. "Бір әуен - бір есеп" әдісі арқылы оқушылар Абайдың "Желсіз түнде жарық ай" әнін тыңдай отырып есеп шығарды. Оқушыларға өзін-өзі бағалау парағы таратылып, сабақ соңында бағалау жүргізілді. "Бағдаршам" әдісі арқылы кері байланыс жасады.

https://www.facebook.com/share/p/14Mr1F5XV8P/

  

«ПРЕЗЕНТАЦИЯ СЛАЙДЫНЫҢ МАКЕТІ» ТАҚЫРЫБЫНДА АШЫҚ САБАҚ ӨТКІЗІЛДІ

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, №276 орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі Сермағамбетова Назеркенің «Презентация слайдының макеті» тақырыбында 4 «А» сыныбына ашық сабағы өтті.

Мақсаты: презентация слайды үшін макет таңдау, браузер параметрлерін қолдану арқылы безендіру жұмыстарын жасау.

Сабақ барысында оқушылар жаңа тақырып аясында топтық, жұптық және жеке жұмыстар арқылы тапсырмалар орындады. «Сен білесің бе?» әдісі арқылы ой қозғап өткен сабақты еске түсірсе, «Learningapps» платформасында тапсырма орындау арқылы жаңа тақырыпты ашып, сабақ барысында түрлі тапсырмалар орындап, «Wordwall» платформасында сабақты бекіту тапсырмаларын орындады. Сабақ соңында оқушылар Gynzy программасында «Бағдаршам» әдісі бойынша кері байланыс берді.

https://www.facebook.com/share/p/1BH2xeVzSQ/

  

"БІР АЙНЫМАЛЫСЫ БАР СЫЗЫҚТЫҚ ТЕҢСІЗДІКТЕР ЖҮЙЕСІН ШЕШУ" ТАҚЫРЫБЫНДА АШЫҚ САБАҚ ӨТКІЗІЛДІ

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті №276 орта мектеп математика пәнінің мұғалімі Алшоразова Айдана "Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу"тақырыбында 6 "А" сыныбына ашық сабақ өтті.

Мақсаты: Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу және сан аралығында кескіндеу .

